

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 528 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 10 мамыр N 694. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулардың мерзімділігін қамтамасыз етудің тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. "Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулардың мерзімділігін қамтамасыз етудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 528 P990528\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 17, 175-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулардың мерзімділігін қамтамасыз етудің тәртібінде:

5-тармақтағы "107101 "Берешектің түсуі" коды бойынша кірістерді қоспағанда" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Күннің қорытындысы бойынша бюджеттік алулардың" сомасын есептеу кезінде мынадай түсімдер:

шаруашылық жүргізуші субъектілердің, заңнамада белгіленген тәртіппен, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің кредиторлық берешектерінің есебіне өтелетін жергілікті бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешектері;

заңнамада белгіленген, қарыз алу лимитінің шегінде аймақтық инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдардан осы мақсаттарға қарызға алынған қаражаттың есебінен жергілікті бюджеттен бөлінетін несиелер бойынша сыйақылар (мүдделер) есептелмейді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бюджеттік алу республикалық бюджет туралы заңда белгіленген сомалардың шегінде және бюджеттік алуларды облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің кірістері мен шығыстарының

тізімдемесіне сәйкес ай сайын бөлумен қаржы жылы бойы жүргізіледі.  
Республикалық бюджетке аударуға жататын бюджеттік алулардың сомасы бір ай ішінде жергілікті бюджеттің кірістері мен шығыстарының тізімдемесімен

айқындалған бюджеттік алудың сомасынан асып түскен жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің кірістері мен шығыстарының тізімдемесіне өзгеріс енгізіледі.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.